

Ж.К. Отарбекова , С.С. Есимкулова ,
К.Қ. Нагиметова , Г.А. Ескермесова* 

Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
*e-mail: gulnar_9.12.81@mail.ru

ҒАЛЫМ, ҚАЙРАТКЕР МЫРЗАТАЙ ЖОЛДАСБЕКОВТИҢ ТІЛДІК ТҰЛҒАСЫ

Жазушының тілдік тұлғасын тану үшін жазушы шығармалары тілінің жиілік сөздігін жасап, сөздік қорының лексикалық қабатын, концептілік жүйесін, прагматикалық сөз қолдану әлеуетін қарастыру қажеттігі сөзсіз. Жазушы, ғалым, қайраткер Мырзатай Жолдасбековтің тілдік тұлғасын тану мақсатында оның күнделік жанрында жазған «Күндерімнің күәсі» атты еңбегіндегі сөзқолданысына жиілік сөздік жасалып, нәтижесінде автордың қазақ, мен, аға, біз, ел, адам, жақсы, Президент, кісі, керек, жер, дін, өмір сөздерін өте жиі қолданғаны анықталды. Түрлі лексикалық қабат тұрғысынан алғанда, туыстық атаулар, қоғамдық-саяси лексика, оқу-білім, ғылымға байланысты сөздердің көп кездесетіні арқылы автордың елге танымал қоғам қайраткері, туған-туыс, дос-жаран, ел қамын ойлайтын ел ағасы, еліміздің білімі мен ғылымына еңбек сіңірген педагог-ғалым ретіндегі тұлғасы ашылды, өйткені күнделік – жеке адамның тарихы, тағдыры, жан күйзелісі, сезімі. Жазушы қолданысындағы қолданылу жиілігі аса жоғары қазақ, мен, керек сөздерінің концепт бола алатыны дәйектеліп, концептілік өрісі айқындалды. Осындай статоллингвистикалық мәліметтер негізінде «М.Жолдасбеков кім?» деген сұраққа жауап беруге болатыны, жазушының тілдік тұлғасын шығармасы негізінде зерттеу арқылы оны нағыз тұлға, ұлт жанашыры, патриот, елін сүйетін қайраткер ретінде тануға болатыны дәлелденді.

Түйін сөздер: тілдік тұлға, концепт, статоллингвистика, сөзқолданыс, жиілік, күнделік жанры.

J.K. Otarbekova, S.S. Esimkulov, K.K. Nagimetova, G.A. Yeskermessova*
Kazakh National Women's Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty
*e-mail: gulnar_9.12.81@mail.ru

Linguistic personality of the scientist, public figure Myrzatai Zholdasbekov

Undoubtedly, in order to identify the language personality of the writer, it is necessary to create a frequency dictionary of the language of the writer's works, consider the lexical layer, the conceptual system, and the potential for the pragmatic use of the word. To determine the language personality of the writer, scientist and statesman Myrzatai Zholdasbekov, a frequency dictionary of the work "Kunderimnim kuasi (The Witness of My days)" was created, written in the diary genre, as a result of which high-frequency words such as Kazakh, I, we, country, person, well, President, need, earth, religion, life were identified.

Against the background of the lexical layer, the words expressing kin relations, socio-political vocabulary, words that are used in school, in science, which are used in the diary a lot, we learn about the author, a well-known public figure, caring relative, friend, brother, aksakal, a teacher and scientist who made a great contribution to the education and science of our country, since the diary is the history, fate, experiences and feelings of a certain person.

The conceptual nature of the words most often used by the writer was revealed, Kazakh, I, need, the conceptual fields of these words are defined.

Based on such linguistic statistics, it was proved how to answer the question "Who is M. Zholdasbekov?" Having studied the language personality of the writer through his works, we were able to identify him as a person who loves his nation, an individual, patriot, statesman.

Key words: linguistic personality, concept, statolinguistics, usage, frequency, diary genre.

Ж.К. Отарбекова, С.С. Есимкулова, К.К. Нагиметова, Г.А. Ескермесова*
Казахский национальный женский педагогический университет, Казахстан, г. Алматы
*e-mail: gulnar_9.12.81@mail.ru

Языковая личность ученого, общественного деятеля Мырзатай Жолдасбекова

Несомненно, для выявления языковой личности писателя необходимо создать частотный словарь языка произведений писателя, рассмотреть лексический слой, концептуальную систему, потенциал прагматического использования слова. Чтобы определить языковую личность писателя, ученого и государственного деятеля Мырзатай Жолдасбекова, был создан частотный словарь произведения «Күндерімнің куәсі», написанного в жанре дневник, в результате которого выявлены такие высокочастотные слова, как казах, я, мы, страна, человек, хорошо, Президент, нужно, земля, религия, жизнь.

На фоне лексического пласта слова, выражающие родственные отношения, общественно-политическая лексика, слова, которые употребляются в учебе, в науке, употреблены в дневнике очень много, мы познаем автора – известного общественного деятеля, заботливого родственника, друга, брата, аксакала, педагога-ученого, внесшего большой вклад в образование и науку нашей страны, так как дневник – история, судьба, переживания и чувства определенного человека. Был выявлен концептуальный характер наиболее часто употребляемых писателем слов казах, мен, керек, определены концептуальные поля данных слов. На основании таких лингвостатистических данных было доказано, как можно ответить на вопрос «Кто такой М. Джолдасбеков?» Изучив языковую личность писателя через его произведение, нам удалось идентифицировать его как личность, любящего свою нацию человека, патриота, государственного деятеля.

Ключевые слова: языковая личность, концепт, статоллингвистика, словоупотребление, частота, жанр дневник.

Кіріспе

Адам өзі өмір сүріп жатқан қоғамның негізгі тірегі, сол қоғамды құрушы, қоғамның бір мүшесі екендігі белгілі. Қоғамның тірегі, қоғамды құрушы, қоғамның мүшесі ретінде өзіндік арқалайтын жүгі болады. Әр адам өз бойындағы дарынына қарай әр түрлі міндетін атқарады. Сол арқылы қоғамның сатылай дамуына үлес қосады. Ұлы Абай айтқан толық адам делінетін философиялық ой осы қоғамның ортасынан өз орнын тауып, өзінің дарынына қарай жүктеп алған міндетін атқарып, дамуға үлесін адал қосқан адамдарды айтса керек. Дүниедегі адамның барлығы тіліне, діліне, дініне қарай өз алдына ел болып, қоғамдасып, бір-бірінің бет-бейнесін тануға ұмтылады.

Ел болған соң сол елдің жоқ-жітігін түгендеп, ық жағына қалқа, жел жағына пана болатын ерлердің шығатыны анық. Біздің елдің де жүгін көтерер сондай қара нарлар аз емес. Солардың бірі деп Мырзатай Жолдасбековті айта аламыз. Мырзатай Жолдасбеков оқытушы-педагог, әдебиетші ғалым, ЖОО-ның құрметті ректоры, Иран Ислам мемлекетінің елшісі және түрлі жауапты мемлекеттік қызметтерді атқарған қоғам қайраткері, ұлт жанашыры. Оның әлемдік түркологияны елең еткізген құнды зерттеуі – халқымыздың көне жазбалары – Орхон

ескерткіштерін зерттеп, Күлтегін жырын аударып, оның қазақ әдебиеті мен қазақ тілінің бастауында тұрған құнды дүние екенін ғылыми тұрғыдан дәлелдеп беруі (Жолдасбеков, 1986: 328).

М. Жолдасбековтің зерттеу еңбектерінің бір парасы әнші-сазгер Кенен Әзірбаев (Жолдасбеков, Әзірбаев, 1976: 162, Төрекұлов, Жолдасбеков, 1992: 232) пен жыр алыбы Жамбыл Жабаев (Жолдасбеков, 1993: 320, Жолдасбеков, 1996: 301) мұрасын зерттеуге арналды. Олардың әншілік, ақындық өнерінің бастаулары мен нәр алған ортасы туралы терең зерттеулер жазды. Ғалымның қай еңбегін алып қарасақ та, терең пайыммен, тынбай еңбектену арқылы жазылғанын көреміз. Осындай ғылымға қосқан үлесімен қатар, қоғамға, мемлекетке сіңірген еңбегімен ерекшеленіп биік тұратын тұлғаларды тілдік тұрғыдан қарастырып, танып-білудің маңызы зор.

Материалдар мен әдістер

Жазушының әр жылдары жазылған жазбалары мен жарық көрген туындылары күнделік ретінде хронология бойынша жарыққа шығып отырған. Соның бірі – 1997-2007 жылдар аралығын қамтитын «Күндерімнің куәсі» деген атаумен жарық көрген күнделігіне линг-

востатистикалық талдау жасалды. Онда автордың он жылдық күрделі әрі қызықты өмір белестері қамтылады. Оның қаламынан туған күнделік беттерінен – тәуелсіздікке қадам басқан күйініші мен сүйініші кезек алмасқан қазақ ұлтының айнасын көруге болады. Сонымен қатар жастайынан қазақы тәрбие көрген, қазақтың салты мен дәстүрін бойына сіңіріп өскен қоғам қайраткерінің көргені мен түйгенін, елшілік қызметі, халық өмірі мен жеке өміріндегі болған қызықты, мәнді де мағыналы әңгімелері мен оқиғаларын оқып біле аламыз.

Зерттеу барысында тілдік тұлға құрылымын анықтауда концептілік талдаулар негізге алынды. Концепт болатын сөздерге статистикалық талдаулар нәтижесінде анықталған автордың шығармасында жиі қолданылған сөздер қарастырылды. Лингвомәдениеттанымдық зерттеулер концептуалды, құндылықтар аспектісін бөліп көрсетіп, жазушының тілдік тұлғасын ашуға мүмкіндік береді.

Жазушының тілдік тұлғасын оның күнделік жанрындағы шығармасы негізінде қарастыру арқылы «М. Жолдасбеков кім?» деген сұраққа жауап алуға болады. Жазушының қайраткерлік, ғалымдық, адами келбеті оның өз шығармасында қолданылған сөздер мен сөзқолданыстар, ой-толғаулары арқылы көрініс тауып, жан-жақты тілдік тұлға ретінде тануға мүмкіндік береді деп ойлаймыз.

Зерттеу барысы төмендегі ретпен жүргізілді:

- зерттеу нысаны ретінде таңдап алынған шығарма мәтіні толықтай Microsoft Word форматына салынып, сөзтізбеге түсірілді;

- сөзтізбе материалы Excel-ге салынып, жиілік сөздік жасалды, ондағы жалпы сөз саны мен сөзқолданыс жиілігі анықталып, лингвостатистикалық зерттеу жүргізілді;

- келесі кезекте жазушы тілінің лексикалық қабаты айқындалды, қолданылу жиілігі жоғары, концептілік деңгейдегі сөздер анықталып, талданды.

Концептуалды талдаулар нәтижесінде жазушының тілдік тұлғасы айқындалды.

Әдебиеттерге шолу

«Тілдік тұлға дегеніміз – тілде (мәтіндерде) және тіл арқылы көрініс тапқан тұлға. Оның негізгі белгілері тілдік құралдар негізінде реконструкцияланады» (Караулов, 1987: 3). Бұл тұрғыда қазақ тіл білімінде антропоэлектік парадигма аясында жасалған бірқатар зерттеулер бар.

Мәселен, Г. Имашева М. Дулатовтың (Имашева, 2009: 7), Ш. Ниятова Махамбеттің (Ниятова, 2007: 144), Ф. Терекова Қ. Жұбановтың (Терекова, 2004: 131), Ж. Ермекова М. Жұмабаевтың (Ермекова, 2010: 144), ал Г. Мұратова Абайдың тілдік тұлғасын (Мұратова, 2009: 56) шығармалары негізінде зерттеп, аталған тұлғалардың даралық ерекшеліктерін жан-жақты танытты. Біздіңше, тілдік тұлғаны ақын-жазушының, қоғам қайраткерінің өз қолымен жазған естеліктері, күнделіктері негізінде қарастыру автордың бірегей тұлғасын тануда таптырмас дереккөз болады. Сол себепті біз ғалым, қайраткер М. Жолдасбековтің тілдік тұлғасын оның «Күндерімнің куәсі» атты күнделігі негізінде қарастыруды жөн көрдік.

Тілдік тұлға теориясы лингвомәдениеттанудың, лингвоаксиологияның белсенді дамып келе жатқан бағыттарының бірі. Оның мәні әлемнің тілдік бейнесін құрайтын тілдік тұлға мазмұнына кіретін концептілерді бөліп алу мен талдаумен байланысты қарастырылып жүр. «Лингвомәдениет типі белгілі бір этноәлеуметтік топтың өкілі болып табылатын, вербалды және бейвербалды сипаттамалары арқылы танылатын, құндылық бағдары айқындалған типтендірілген адам» ретінде түсініледі (Dmitrieva, Gulinov, 2018: 5).

Зерттеушілер жиниқталған типтік тұлғалар ретінде таптық (көпес), кәсіби (заңгер), тарихи (декабрист), жергілікті (мәскеулік), әлеуметтік-психологиялық (эксцентрик) деп бөлуге болатынын көрсетеді. «Типтер этникалық маркерленген (қытай емшісі, орыс интеллектуалы, британ аристократы) немесе әлеуметтік маркерленген (босс, пандар, киножұлдыздар) болуы да мүмкін. Тілдік тұлға типі этнос әлемінде қалыптасқан құндылықтарды бейнелейді, сонымен қатар қоғамда жаңа құндылықтардың қалыптасу көзі бола алады», – дейді (Богданова, 2017: 729).

Сонымен, тілдік тұлға типтері түрлі концептілердің жиынтығын құрай отырып, концептуалды, бейнелі және құндылық компоненттерінен құралады. Тілдік тұлғаның концептуалды жағын зерттеу үшін мәтін лексикасына талдау жасаудың мәні зор, өйткені оның лексикасы ұғымдық белгілердің жиынтығынан тұрады. Сондай-ақ, «сөздіктер де автордың құндылықтар жүйесінен мол ақпарат береді. Құндылықтар мәдениеттің компоненті және тұлғаның рухани басымдығы ғана емес, олардың тереңде жатқан мәнін қабылдау, түсіну, сонымен қатар адамның бағалауға деген қажеттілігін жарыққа шығару тәсілі дейді (Богданова, 2017: 730).

Әсіресе, автор шығармасы негізінде жасалған жиілік және түсіндірме сөздіктер сипаттамалы және бағалауыштық лексемалардан, сөз тіркестерінен құралып, құндылықтар мен ассоциативті-бейнелеуіштік белгілерін бөліп көрсетуге қызмет етеді. Сол себепті тілдік тұлға типі - барлық құрылымдық компоненттердің жиынтығынан тұратын этномаркерленген бірліктердің жиынтығы. Сонымен қатар тілдік тұлға дербес бола алмайды, ол әрдайым ұлттық, белгілі бір лингвомәдени қоғамдастыққа жатады. Ол өзі өмір сүретін қоғамның менталитетін, құндылықтар жүйесін, өзін ұстау мен қарым-қатынас нормаларын сол қоғамның тілі арқылы қабылдайды. Әлемнің ұлттық бейнесі тілдік тұлға бойында концептілер (құндылықтар), рәсімдер, салт-дәстүрлер, стереотиптер арқылы құрылымдалады.

Тілдік тұлғаны антропоэлектік парадигмада, кешенді зерттеуді ұсынатын қазақ ғалымдары «тілдік тұлғаны барлық ерекшеліктерінің жиынтығы, әлем бейнесі тұрғысынан зерттегенде ғана әрбір адамның тілінен көрінетін ұлттық ерекшеліктерді анықтауға болатынын» көрсетеді. «Ұлттық әдебиетіміз бен ұлттың рухани мұрасының дамуына зор үлес қосқан адамның тілдік тұлғасын зерттеу ұлттық бірегейлік пен халықтың дүниетанымы мәселесі болып табылады. Оны көркем мәтінге талдау арқылы білуге болады Соған орай жазушының шығармасы ұлттың тарихы, ұлттық бірегейліктің көрінісі ғана емес, жазушының жеке тұлғалық келбетінің көрінісі. Жеке тұлғаның тілдік ерекшелігі арқылы ұлттық тіл ғана емес, адамның ішкі әлемі ашылады. Осы тұрғыдан алғанда, тілдік тұлға – индивидтің ішкі әлемі, тіл арқылы көрінетін оның моделі (Mazhitayeva, Rapisheva. Tuite, Nygmetova, Zhetpisbay, Karmanova, 2019: 3098).

Нәтижелер мен талқылау

Мырзатай Жолдасбековтің тұлғалық келбетін, ғылымға қосқан үлесін, мемлекетке сіңірген еңбегін, жүріп өткен жолдарының куәсі болған күнделігін талдау арқылы танымыз. Күнделік мәтінін сөзтізбеге салып, жалпы сөз саны мен сөзқолданыс жиілігін анықтау ғалымның тілдік тұлғасын тануға қажетті дереккөз бола алады. Microsoft Word және Excel құралдарының көмегімен жиілік сөздік жасаудың өз техникасы бар. Оны жасау жолдарын ғалым Б.Нұржанова өзінің диссертациялық жұмысында жан-жақты сипаттап берген (Нуржанова, 2018: 118-125). Біз сол зерттеуге сүйене отырып, Мырзатай Жолдасбековтің тіліндегі қолданылған *сөз формасының жалпы саны 88 731 екенін, жалпы сөзқолданысы 65 526 сөзді құрайтынын* көрдік. Одан әрі сөзтізбені өңдеу арқылы әр сөздің жалпы саны мен түрлі формаларын есептеп шығаруға болады. Сөйтіп, Excel форматында жасалған осындай бағдарламаның көмегімен кез келген ақын-жазушы тіліндегі сөзқолданыс пен сөз санының есебін білуге мүмкіндік бар.

Б. Нұржанованың зерттеуіне сүйенсек, «Жазушы тілінің жиілік сөздігін жасау арқылы автордың қандай сөздерді жиі, қандай сөздерді сирек қолданғанын біле аламыз. Жиі қолданылған сөздер автордың мақсат-мұратынан, қоғамдық-әлеуметтік қызметінен, ой-өрісі мен адами құндылықтарынан хабар берсе, сирек қолданылған сөздер автордың жеке сөзқолданыстық, стильдік-тілдік ерекшеліктерінен хабар беруі әбден мүмкін» (Нуржанова, 2018:141). Мәселен, М. Жолдасбеков күнделігі бойынша жасалған жиілік сөздіктен тілінде көп кездесетін, концептілік мәні зор төмендегі сөздердің түбірі, түрлі сөзформалары, туынды тұлғалары мынадай мөлшерде қолданылғанын байқаймыз.

1-кесте – Қолданылу жиілігі жоғары сөздер.

Сөздің түбір немесе атау тұлғасындағы саны	Сөз формасы	Туынды тұлғасы	Барлығы
Қазақ-199	367	133	500
Мен-117	196	85	398
Аға-63	200	85	348
Біз-144	175	0	319
Ел-179	37	27	243
Адам-124	54	25	203
Жаксы-152	9	40	201
Президент-103	83	4	200

Кісі-132	20	44	196
Керек-176	0	0	176
Жер-77	82	1	160
Дін-54	59	0	113
Өмір-48	2	60	110

Жалпы алғанда, зерттеуіміз жанры жағынан күнделік болғандықтан, бірінші кезекте туыстық қатынасты білдіретін сөздердің көптеп кездесуі заңдылық. Осы топқа жататын мынадай 625 сөз кездесті: *Туыстық атаулар*: қарындас – 10, нағашы – 8, немере – 10, перзент – 18, туыс – 7, ұл – 17, шеше – 10, апа – 5, ата – 107, шөбере – 12, Іні – 63, Аға – 263, ағайын – 85. Ру – 2, руым – 1, руын – 2, руына – 1. Мұндағы ру сөзін жазушы өзінің шыққан тегіне байланысты қолданғанын көреміз.

Аталған сөздердің ішінен ерекше көп қолданылған аға, ағайын сөздеріне назар аударатын болсақ, *аға сөзі* 263 рет қолданыс тауып, концептілік деңгейге жеткен. Бұл сөз, ел ағасы, асыл аға, ақын аға, алып аға, үлкен аға секілді тіркестер құрап, тек қана туыстық қатынасты емес, елдің бетке ұстарлары, игі жақсылары мәнін білдірген. «Болар елдің баласы бірін бірі батыр дейді» дегендей, оның ел ағалары ретінде Н. Тілендиевті, Ә. Тәжібаевты, М. Әуезовті, М. Мақатаевты, Ә. Кекілбаевты, Ө. Жәнібековті, Ө. Жолдасбековті, Өмірбек Бәйгелдиевті, т.б атап, естелігіне қосып, жақсы сөз айтуы автордың өз тұлғасын да танытып тұрғандай.

Інім деп тек өз бауырын ғана емес, Б. Сапарбаевты, И. Тасмағамбетовті, М. Тазабековті, Қ. Көшербаевты, Ұ. Есдәулетті, Б.Тілеуханды, т.б. көптеген елшілікте бірге істеген жастарды атап, жақсы лебіздерін білдіріп, еңбектеріне баға беріп отырады.

Жазушы тілінің лексикалық қабатын қазақтың төл сөздері, байырғы сөздер мен кірме сөздер құрайды. Көнерген сөздер қатарына кіретін төмендегі сөздер мынадай мөлшерде қолданылған: тайпа – 1, патша – 9, садақ – 1, тақсыр – 1, хан – 19.

Кірме сөздер қатарын орыс тілінен енген сөздер құрайды. Олардың көпшілігі қоғамдық-саяси лексика мен оқу-білім саласына қатысты сөздер. Жазушы тілінің мол қабатын *қоғамдық-саяси лексика* құрайды. Олар төмендегідей:

Министр – 44, облыс – 32, өкімет – 3, Парламент – 19, партия – 11, Президент – 185, президиум – 3, премьер – 29, резиденция – 14, реформа – 2, рәсім – 6, саясат – 32, стратегия – 6,

тәуелсіз – 13, тәуелсіздік – 27, үкімет – 33, ұлт – 46, халық – 33, штаб – 4, экономика – 4, делегация – 16, демократия – 5, департамент – 8, депутат – 17, дипломатия – 27, Елбасы – 17, ел – 387, елтаңба – 3, заң – 18, идеология – 8, император – 6, империя – 8, қоғам – 23, менталитет – 1, ресми – 15, рәміз – 1, рәсім – 6, Саммит – 2, өкіл – 6, Республика – 24, Отан – 44, отандастар – 1, отандасы – 1, отандық – 1, отаншыл – 2, отаншылдық – 2, дипакадемия – 8, жер – 160, мемлекет – 91, мемлекетаралық – 1. Жалпы саны -1423 сөз, бүкіл лексикалық қабаттың 1,6 пайызын құрайды. Мұндай сөздердің көп қолданылуы жазушының ел өміріне, қоғамдық-саяси қызметтерге көп араласуымен байланысты.

Жазушы лексикасында оқу-білім, өнер саласындағы сөздер де аз емес. Олар: магистранттар – 3, мақала – 23, мектеп – 14, методист – 2, оқу – 74, оқушы – 14, оқы – 29, проректор – 7, профессор – 13, ректор – 38, роман – 4, сабақ – 12, сессия – 4, студент – 73, тәрбие – 16, университет – 23, ұстаз – 8, филолог – 8, шәкірт – 9, академия – 26, аттестация – 3, аудитория – 5, декан – 4, диплом – 4, директор – 13, доктор – 15, доцент – 1, драма – 1, драматург – 1. Жалпы саны – 434.

Сонымен, жазушы тілінің лексикалық қабаты сан алуан. Күнделік жанрындағы мемуарлық туындының өзі оның авторының бар болмыс-бітімін, қоғамдық-саяси, шығармашылық, ұйымдастырушылық секілді көптеген қырларын таныта алатыны байқалады. Соған қоса, жазушының шығармашылықтан алыс емес екендігін, өзінің бос уақытында домбыра тартып, ән айтып, немерелерімен қауышып, сағынышын басатынын және күнделігін қалдырмай жазып, терең толғаныста жүрекжарды жақындарына арнап өлең шығаратынын байқаймыз. Оның «Тоты құс», «Ақбота» т.б сияқты өлеңдерін көпшілік қауым жатқа біледі.

Мырзатай Жолдасбековтің өмірі мен қызметі бір арнада тоғысқан «Күндерімнің куәсі» (Жолдасбеков, 2007:352) атты күнделігінде қазақ болмысына, менталитетіне, салт-дәстүріне, характеріне, күнделікті тіршілік ету ғұрпына өз көзқарасын білдіріп отырған. Онда қазақтың

бойына біткен ерекше қасиеттерімен қоса осал тұстары мен кереғар қылықтарына да ауқымды түрде тоқталып, өмірлік тәжірибесіне сүйеніп, көргенін зерделеп, мысалмен келтіріп түсініктеме беріп отырған. Біз жазушы-ғалымның осы бағыттағы жазбаларын топтастырып жинақтай отырып, автор танымын саралауға тырысып, жазушы тілінде көп кездесетін, концептілік мәні зор сөздерді төмендегідей топтастырдық. Олар: «Қазақ» концептісі автор сөз қолданысында негізгі тірек-бірлік болып келеді, өйткені бұл ең көп қолданылған сөз.

Қазақ сөзін жазушы 500 рет қолданған: қазақ – 199 рет, қазағым – 1, қазақпын – 1, қазақты – 15, қазақтың – 70, қазақта – 9, қазаққа – 21, қазақпен – 1, қазақтан – 8, қазақтар – 4, қазақша – 3, қазақтай – 1, қазақтардан – 1, қазақтарды – 1, қазақтардың – 1, қазақтарының – 1, қазақтығым – 1, қазақшаға – 2, қазақшалап – 1, қазақы – 3, қазақстандықтар – 1, Қазақстаннан – 2,

Қазақстанды – 3, Қазақстандағы – 6, Қазақстан – 67, Қазақстанда – 20, Қазақстанға – 7, Қазақстаным – 1, Қазақстанның – 20.

Автор қазақ халқы туралы өзінің ой-пікірін, қазақ туралы әңгімелерді, оның бойындағы барша қасиетін: жақсы жақтары мен кемшілігін, жағымды-жағымсыз әдетін, ақыл-парасаты мен пендешілік, салт-дәстүр, наным-сенім, т.б. осы сияқты ерекшеліктері мен ұлттық ділін жан-жақты сөз етеді. Осы ойларын сараптай келе, «Қазақ қандай халық? деген сұрақ айналасында авторлық анықтамалар мен ой-тұжырымдарды алуға болады. Автордың еңбегінде қазақ халқының қамы, ертеңгі күні мен оның жағдайы, болашағына алаңдағаны айқын көрініс табады. Ол үшін өз елінен, Отанынан артық жердің де, халықтың да жоқ екендігін, елі үшін аянбай тер төгуге, қызмет етуге дайын жанашыр қайраткер екендігін мына кестеден көреміз:



1-сурет – Қазақ халқы туралы тұжырымдар.

Жазушы көрсеткен қазақтың жаман қасиеттерінен мынадай концептілік құрылым түзуге болады:



2-сурет – «Қазақ» концептісі.

Бұл келтірілген мысалдар жазушы айтқан сөздердің бір парасы ғана. Жинақтай келе, жазушы тіліндегі қазақ сөзінің айналасында

өрбіген ұғым-түсініктерді төмендегіше жинақтап, макроконцепті ретінде көрсетуге болады.



3-сурет – «Қазақ» макроконцептісі.

«Мен» концептісі

Мен сөзін М. Жолдасбеков бір ғана «Күндерімнің куәсі» атты шығармасында 398 рет қолданған: мен – 117 рет, менің – 125, маған – 85, мені – 32, менен – 18, менімен – 7, меніңше – 5, менікі – 4, менде – 4, мендей – 1. Зерттеуге алынып отырған шығарманың өзі жеке адамның күнделігі болғандықтан, мен сөзінің, өзім, біз сөздерінің көп қолданылуы заңды. Ел ағасы атанған қайраткердің «менің өзім» деп сөйлеуінің ешқандай өрескелдігі жоқ секілді. Мәселен, күнделікте жазушының мынадай толғаныстары бар:

Менің өзімнің де бүкіл қазаққа атым жайылып, елімді түгел танығанымды, ата тегіме кір келтірмегенімді мақтан тұтамын.

Мені елім таныды, елімді мен таныдым. Қайда барсам жұрт құлдырап алдымнан шығады. Сыйлайды. Құрметтейді. Әркім-ақ отбасына, әулетіне қызмет етеді ғой, десе де Отаныңа, халқыңа қызмет етуден ең үлкен бақыт жоқ. Өйткені сенің еңбегіңді бағалайтын туған халқың. Мен үшін қазақтан артық жақын жоқ, дей келе, автордың күнделігінде өзінің өмірге келуі әсерлі баяндалғанын және мен істедім, мен жасадым сөздерін құр мақтану мақсатында қолданбағандығын білеміз.

Жазушы күнделігі өз атынан баяндалғандықтан, өзі туралы, автордың кім екені жан-

жақты көрініс тапқан. Оның ғылымдағы жолы төмендегі дәйектерден көрінеді:

Мен де өмір бойы білім қуып, ғылымға араласып келе жатқан кісімін. Жұмысым нәтижесіз де емес. Шүкір, бір кісідей Қазақстан ғылымына шама-шарқымша үлесімді қосып келемін.

Ғылымды басшылық қызметпен қатар алып жүріп, ғылыми кадрлар даярлау, оларды жұмысқа тарту, қамқорлық жасап, баспанамен қамтамасыз ету жұмыстарын бірге алып жүргенін де күнделіктерінен көреміз:

Мен келген үш жылда жиырма екі ғылым докторын – жетпістен, жүз елу ғылым кандидатын үш жүзден асырыппын.

Мен Қазақстан түгілі, ТМД елдерінде жоқ «Студенттер үйін» осы дарынды жастар үшін салмағанда, кім үшін салдым? Биылдан бастап Еуразия университетін дарындылар университеті деп жариялады.

Мен осы жылдары үздіксіз болашаққа, еліміздің келешегіне қызмет еттім, дарынды жастарды, білімді мамандарды жинадым; жұртшылықтың, көпшіліктің қиялына келмеген материалдық база жасадым, университеттің әлеуметтік, халықаралық деңгейін көтердім; жұмыстың мазмұнын байыттым, сөйтіп, Президент тапсырғандай, келешектің университетін жасадым. Оған мен түзген

құрылымдар, студенттердің, оқытушылардың құрамы куә.

Астанада білікті кадрларды орнықтыру жолында аянбай еңбек етіп, екі жүзден астам кісінің пәтерлі болуына тікелей себепкер болғанын жазады. Осы жылдардағы еңбегі туралы мақтанышпен былай дейді:

Мен еш жерде, қай қызметте де, қайда да тартынып істеген кісі емеспін, осы үш жылда да дәл бұрынғыдай, күні-түні жанымды салып, сенбісіз, жексенбісіз, мерекесіз қызмет істедім. Қасымдағылар да осыған үйренді. Мына табыс, Елбасының осынышама биік бағасы - сол еңбектің нәтижесі.

Демек, автордың «мен істедім, мен жасадым» деуі құр мақтан емес. Сол еңбегінің нәтижесінде қазаққа аты жайылды, елге шапағаты тиді.

«Болашақ, қазақтың келешегі туралы ойлағанда ылғи менің есіме Сабыр Адайдың **«Әр қазақ – менің жалғызым»** дейтін сөзі түседі», - деп толғанады жазушы. Сол қазақтың баласының көзін ашайын, дарынын танытайын, жақсысын асырайын, ағасын сыйлайын, інісін қолдайын деген ой мен іс күнделіктің әр бетінен көрініс таппай қоймайды.

Жазушы тілінде **«біз»** есімдігі **«мен»** сөзімен қатар, шамалас десе де болады. Мен 398 рет қолданылса, көптік мәнде біз сөзін 319 рет қолданған: оның ішінде – біз – 144 рет; бізбен – 3, бізге – 33, бізде – 12, біздегі – 1, біздегідей – 2, біздей – 1, бізден – 7, біздер – 2, біздерге – 1, бізді – 27, біздің – 97.

«Біз» дегенде қаламгердің қасында кім бар деген ой келеді. Оның қасында елдің игі жақсылары: атақты жазушы, ақын, қаламгер, мемлекеттік қайраткер, іскер адамдар, ғалымдар, өзінің ет жақын бауырлары, жан жары. Өз замандасы, даңқты жазушы Ә.Кекілбаевпен қатынасы туралы былай дейді:

Ә. Кекілбаев – заты қазақтың пейілінен жаралған кемеңгер жазушы, ойшыл. Болжампаз даналығы да бар, сөзге шешен, ділмар азамат. Философ, атақты жазушы. *Бауырымыз* соңғы бес-алты жылдың беделінде өзінің саясаткер екенін де танытты. *Сыйласпыз. Сырласпыз. Жанымыз жақын доспыз, бауырласпыз. Біз Цицерондарды көргеніміз жоқ.* О да адам баласы ғой, шешендігі Әбіштен артық болмаған шығар деп ойлаймын. Әбіштің бос сөзі жоқ. Сондықтан оның сөйлеген сөздерін түгел жазып алып отырса жөн болар еді. Кезінде Әуезовтерді жазып алуға құрал болмады, қырсыздығымыз да ырық бермеді, әйтеуір, сөйтіп, талай

асылымыздан, құндылығымыздан айырылды. Әбіштің аузынан шыққан сөзді жазып отырған жөн.

Тағы бір естелігінде Ә.Кекілбаев туралы *Әбіш екеуміз* деп сөйлейді:

Біз Әбіш екеуміз қиын-қыстау, өтпелі кезеңде елімізге, халқымызға пайдалы жұмыс істедік деп есептеймін. Желтоқсан оқиғасының дұрыс саяси бағасын бергізген де біз едік. Біздің жанымызда сол тұста Төлен Әбдіков, Сауытбек Әбдрахманов, Сабыр Қасымов, Жұмағали Наурызбаев, Талғатбек Абайділдин секілді іскер, талантты жігіттер жүрді. Олар да бізден пайдалы көп нәрсені үйренді деп білемін.

Сол секілді ғалым Өмірбек Жолдасбеков туралы толғана келіп, «біз оны бағалай алмай жүрміз» деп, айналасындағылардың, замандастарының атынан сөйлейді. Бұл да жазушының **ел атынан сөйлей алатын беделін** танытса керек.

Ө. Жолдасбеков – дүние жүзіне аты мәлім инженер-механик, ұлы ғалым, Қазақстанда жоғары оқуды ұйымдастырушылардың ең таланттысы әрі көрнектісі, мемлекет қайраткері. *Адал, шыншыл, бөлінбейді, ешкімді бөлмейді. Әттең, баяғыда-ақ елімізді басқаратын кісі еді, амал қанша, мұны ол кісінің пешенесіне тағдыр жазбады. ... Біз тіршілігінде әлі де бағасын біле алмай жүрген кісіміздің бірі осы Өмірбек Арысланұлы. Өмекең өзге кісілер секілді өкпелеуді, біреуді кемітіп, мұқатуды білмейді. Жүріс-тұрысынан да, атқарған істерінен де, сөйлеген сөзінен де ірілігі көрініп тұрады. Көпшіл. Ықпалды. Сыйлы.*

Сондай-ақ, 1998 жылы Өзбекәлі Жәнібеков қайтыс болып, Отырардағы мұражай алдында өткен қаралы жиында ел ағасы ретінде көп алдында былай дейді:

«Жарық дүниеде жаны жай таппады, тіршілікте көрген рахаты да көп болмағанын біз жақсы білеміз. Біз Өзекең дүниеден өтті деп жылап жатырмыз. Меніңше, аз ағаның мәңгі өлмейтін өзгеше өмірі енді басталады. Ылғи әулие мен қасиеттің тұнып тұрған өлкесінде туған, бұл фәниден дүние жимаған, иман жиган, өле-өлгеніне халқына адал еңбек еткен, артына байтақ дәстүр, өшпес өнеге, мол мұра қалдырған, сөнбес шырақ жағып кеткен, талай жұмбақ тастап кеткен ағамыз енді бірте-бірте Фараби, Арыстанбаб, Әзіреті Сұлтан секілді әулиеге, сыйынатын пірге, табынатын құдыретке айнала береді. Табиғаттың тылсым сыры сияқты Өзбекәлінің да тайниктері бірте-

бірте ашылатын болады. Осы киелі топырақта ағамыздың мәңгі бағы қайта жанатын болады. Тәнін жерге береміз, бірақ елінде оның рухы қалады. Ендігі жерде баршамыз көңілге осыны медет тұтамыз».

Марқұмды **біздің** ағамыз, **елдің ағасы** деп, оны бәрінің жақсы білетінін, бәрінің де жоқтап тұрғанын жеткізеді.

Сол жылғы күнделікке жазған естеліктерінің бірінде бірқатар ел ағаларын еске алып, былай деп жазады:

Бүгін қазақтың ұлы ақыны, Әбділда Тәжібаевқа ас берілді. Ол кісі дүние салғалы да көзді ашып-жұмғанша бір жыл болыпты. Біз сол алып ағаларымыздың біразын көрдік, тәлім алдық, олар өлген соң жайлаудан ел көшіп, біз жұртта калғандай болдық. М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин және Әбділда да жоқ арада. Солармен үзеңгілес М. Қаратаев, Ш. Хұсайынов, Е. Ысмайылов, З. Шапқиндермен де дәмдес болдық. Сүйектері асыл екен – Сәбеңнің бәйбішесі Мәриям апай, Ғабиденнің бәйбішесі Зәкең апай, тоқсаннан асқан Дихан отырды төрде. Ағалар туралы естелік жазу керек деген ой келді маған.

Жазушы тіліндегі «біз» қолданысының түйіні мына сөзден аңғарылады: **«Біз бүгінгі ұрпаққа нені қалдырсақ, соны мұра тұтады»**. Мұндағы автордың «бізі» – аға буын екені түсінікті. Сол арқылы жазушы ұрпақ алдындағы жауапкерлігін көрсетіп, ел ағасы екенін танытып тұр.

Осы орайда, күнделік авторының **«өзім»** дегенді қандай жағдайларда қолданылатыны да назар аударуды керек етеді.

ӨЗ сөзін автор 366 рет қолданған, оның ішінде «мен» сөзінің мәнінде өзім 23 рет, өзіме 10 рет, өзіммен – 1, өзімнен – 1, өзімнің – 5 рет көрініс тапқан. Жалпы саны 50 сөз тікелей өзінің іс-әрекетіне қатысты қолданылған, ол жалпы қолданыстың 13 пайызын ғана құрайды. Мысалы:

27.05.1997 жылдың 27 мамырында былай деп жазған екен:

Бүгін менің туған күнім. Алпысқа толдым. Көп толғандым. Алды-артымды шолдым. Өткізген өміріме риза болдым. Өзім де, балашаға, ағайын-туғаным да ұялмайтын, қызармайтын өмір кешіп келеді екенмін.

Сонымен, күнделік жанрындағы автордың **«мен, өзім, біз»** сөздерінің қолданыстарының өзіндік ерекшеліктері байқалады. «Мен» автордың кім екенін (ғалым, қайраткер, елші, сыншы, өнер жанашыры) танытатын тілдік

бірліктер болса, «біз» оның айналасын, қоршаған ортасын, ел ағаларын (жазушы, ақын, өнер қайраткерлерін, ғалымдарды) танытады. Ал «өзім» сөзі автордың жеке өмірлік құндылықтарынан хабар береді.

«Керек» концептісі

Бір нәрсені істеуге міндеттейін керек модаль сөзі М. Жолдасбеков күнделігінде 176 рет кездеседі.

Мен бүгін дарынды студенттердің басын қосып кездестім. Сегіз мың студенттің бәріне сапалы білім беремін деп айту қиын. Ол мүмкін де емес. Сондықтан, дарынды студенттермен бөлек, арнайы жұмыс істеу керек.

Қазақстанда жоғары оқу орыны қаптады, филиалдарымен қоса есептегенде олардың ұзын саны үш жүзге жетеді екен. Онда оқып жатқан баланың саны – 400 мың. Олар бітірген соң қайда барады, не істейді? Білімді кім береді? Филиалдарды қысқартып, білім сапасын арттыру керек. Ауылдан оқуға түсетіндердің де балл санын көтеру қажет.

Елбасының мұншалықты берген жоғары базасының үдесінен шығып, ендігі жерде жаңа типтегі, биік санаттағы элиталы жоғары оқу орынын жасау үшін оқытушыларды қатаң іріктеуден өткізіп, мұнда студенттерді таңдау мүмкіндігін алу керек. Ол үшін көбіне элиталы жоғары оқу орындарына элиталы орта білім беретін оқу орындарынан күні бұрын қабылдау өткізу керек. Элиталы университеттерде сырттай оқу жүйесі жабылу керек.

Ұлтына, өз халқына деген махаббатты перзентке ана сүтімен, бесік жырымен дарыту керек. Тәрбие, оқу жүйесіне де ұлттық қасиеттерді барынша батыл енгізу керек.

Жаныңды баурап, сүйегіңнен өтетін күй құдыретін де, тамылжыған әндеріміздің қасиетін де біз әлемге таныта алмай келеміз. Осы қамалды бұзу керек, әлемге қазақтың кейпін ашу керек, даналығын таныту керек, асқақтату керек. Қазақты сүйе де, сүйгізе де білу керек.

Күлтегін ескерткішін елге әкелуге мұрындық болған ел ағаларының бірі өзі болғандықтан, Мырзатай Жолдасбеков ол туралы күнделіктерінде көп деректер жазған. Осыған орай енді не істеу керек дегенде, жазушы былай деген екен:

Күлтегін ескерткіші келгелі ел ішіндегі рухани ахуал әжептеуір өзгере бастады. Ел өзінің терең тарихына бет бұрды. Осыны пайдаланып Күлтегін тұрған университеттің бірінші артриумын киелі жерге айналдыру керек

деп шештім. Ол үшін көне түрік өркениеті аталатын мұражай құру керек, мен осыған кірісе бастадым. Біраз мамандарды жиып ақылдастым. Кеше Кеңес өкіметі заманында анасынан, ана сүтінен айырған баладай, ел ата тарихы, ата дәстүрі, ата саптынан қол үзіп қалды. Соның салдарынан жастар өз тарихын, байтақ, көне тарихын білмей өсті. Мұндай жастарды ұлтын сүйеді деу қиын. Ондайлардан патриотизмді ояту қиын болады. Заманы туған соң ендігі ұрпақ тарихын білу керек, өз тарихымен мақтанулары керек.

Сонымен, бір ғана «керек» сөзімен байланысты жазушының қаламынан туған тұщымды ойлары сол кезеңде (тіпті қазір де) маңызды оқу-білім, ұлттық тәрбие, ұлттық сана, мемлекеттік тіл, ұлттық тарих секілді келелі ойларын, сол арқылы жазушының ел мүддесі жолындағы еткен еңбегі мен таным-пайымын айғақтайды.

Сонымен қатар жазушының қазіргі таңда әлі де онша түзеле қоймаған дінге деген көзқарасын оқып білеміз. Оның, дінге іріткі салушылар мен арандатушылардың барын және олардан сақтану керектігін, жастарға барынша дұрыс жолды дәріптеп, насихаттауды айтады. Автордың өзінің дінге көзқарасы былай берілген:

Мен әлі намаз оқыған кісі емеспін. Мұсылманның бес парызының бірі осы намаз ғой, әртүрлі себептермен жайнамазға жығыла алмай жүрмін. Бірақ жүрегім, санам, жаным, тәнім таза. Бір жаратушының бар екенін, оның құдыретін сезініп, табынатын, жалбарынатын адаммын, – деуінен оның дінге аса жауапкершілікпен, құрметпен қарайтындығын көреміз.

Қорыта келгенде, тілдік тұлғаны зерттеуде түрлі ғылыми парадигмалар мен мәтінді зерттеуде түрлі әдіс-тәсілдер қолданылады. «Әрбір тілдік тұлға адамның жазып отырған тілінің бүкіл байлығын қолдана білуінің нәтижесінде қалыптасады. Жеке тұлғаның

тілі жалпы және жеке тілдік ерекшеліктердің жиынтығынан құралады» (Пуасова, 2018: 32). Демек, М. Жолдасбековтің тілдік тұлғасы туған тілінің негізінде қалыптасып, ұлттық-мәдени концептілер жүйесінде көрініс тауып, жазушының ішкі әлемін бейнелеп қана қоймай, әлемнің ұлттық-тілдік бейнесін танытады.

Қорытынды

Жазушының тілдік тұлғасын оның жеке тұлғалық келбетін танытатын күнделіктерінің тілін зерттеу арқылы ашу тәжірибесі тіл білімінде жоқ емес. Осы мақсатта таңдалып алынған Мырзатай Жолдасбековтің «Күндерімнің куәсі» шығармасының тіліне жасалған статистикалық талдаулар нәтижесінде автордың қазақ, мен, аға, біз, ел, адам, жақсы, Президент, кісі, керек, жер, дін, өмір сөздерін өте жиі қолданғаны анықталды. Бұл ұғымдар автордың танымында концептілік деңгейге көтерілгенін танытса, түрлі лексикалық қабат тұрғысынан алғанда, туыстық атаулар, қоғамдық-саяси лексика, оқу-білім, ғылымға байланысты сөздердің көп кездесетіні автордың елге танымал қоғам қайраткері, туған-туыс, дос-жаран, ел қамын ойлайтын ел ағасы, еліміздің білімі мен ғылымына еңбек сіңірген педагог-ғалым ретіндегі тұлғасын ашуға мүмкіндік береді.

Демек, «Мырзатай Жолдасбеков кім?» деген сұраққа өзінің шығармасының тілі арқылы жауап беруімізге әбден болады. Ғалымның барлық зерттеу еңбектері мен жазылған ойлары еліміздің кешегісі мен бүгінгісін жалғастырып, арғысы мен бергісін барлап, жоқ-жітігін түгендеуге үлкен үлес қосты. Ол – көрнекті жазушы, әдебиетші ғалым, сыншы, елші, педагог-ұстаз, қоғам қайраткері, шебер ұйымдастырушы, ел ағасы, ұлт жанашыры, сазгер, ақын деп айта аламыз.

Әдебиеттер

- Жолдасбеков М. Асыл арналар. «Күлтегін» – Алматы: «Жазушы», 1986. – 328 б.
 Жолдасбеков М., Әзірбаев К. Таңдамалылар. – Алматы: «Жазушы», 1976. – 162 б.
 Төркүлов Н., Жолдасбеков М. Токсан толғау. – Алматы: «Өнер», 1992. – 232 б.
 Жолдасбеков М. Жүз жыл жырлаған жүрек. – Алматы: «Жазушы», 1993. – 320 б.
 Жолдасбеков М. Асыл сөздің атасы. – Алматы: «Білім», 1996. – 301 б.
 Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность // Отв. ред. Д.Н. Шмелев. – Москва: «Наука», 1987. – 261 с.
 Имашева Г.Е. Міржакып Дулатұлы шығармаларындағы «Ғаламның тілдік бейнесі»: фил. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2009. – 56 б.
 Ниятова Ш.С. Махамбеттің тілдік тұлғасы: фил. ғыл. канд. дисс. Алматы. – 2007. – 144 б.

- Терекова Ф.Е. Языковая личность К.К. Жубанова (социолингвистическое освещение): дисс. канд. филол. наук. – Алматы, 2004. – 131 с.
- Ермекова Ж.Б. Мағжан Жұмабаевтың тілдік тұлғасы: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2010. – 144 б.
- Мұратова Г.Ә. Абайдың тілдік тұлғасы: дискурстық талдау мен концептуалды жүйесі: филол. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2009. – 56 б.
- Dmitrieva O., Gulinov D.. Method of Modeling Linguistic Personality Types as Way of Studying National Picture of World SHS//Web of Conferences 50, 01042 (2018) <https://doi.org/10.1051/shsconf/20185001042> CILDIAH-2018). (22.08. 2022)
- Богданова, И. Оценки ценности в зеркале словарей русского языка. // Вестник РУДН. Серия Лингвистика. – Москва, 2017. – № 21 (4). – С. 729-748.
- Mazhitayeva, Sh, Rapisheva, Zh.D., Tuite, Y.Y., Nygmetova, N.T., Zhetpisbay, Sh., Karmanova, S.B. The Theory of Linguistic Personality, Its Structural and System Characteristics// Opcion, Año 35, Especial N° 19 (2019): 3086-3101.
- Нуржанова Б.Н. Жазушы тілі сөздігін түзудің ғылыми-теориялық негіздері: филос.док. (PhD) ... дисс. –Алматы, 2018. –189 б.
- Жолдасбеков, М. «Күндерімнің күәсі» Күнделіктер. – Астана: «Фолиант», 2007. –352 б.
- Pyasova R.S. Language Personality in the context of interaction of Language and culture // Научный альманах –Причерноморья, 2018. – Т. 16. № 4. С. 32-39. DOI 10.23947/414-1143-2018-16-4-32-36.

References

- Bogdanova, L.I. (2017). Ocenki cennosti v zerkale slovarej russkogo yazyka. [Valuations in the mirror of dictionaries of the Russian language]. Vestnik RUDN. Seriya: Lingvistika. [Jornal of Vestnik RUDN. Series: Linguistics]. Iss. 21(4) (in Russian)
- Dmitrieva, O., Gulinov, D. (2018) Method of Modeling Linguistic Personality. Types as Way of Studying National Picture of World SHS Web of Conferences 50, 01042. – URL: <https://doi.org/10.1051/shsconf/20185001042> CILDIAH-2018). (Date of use: 22.08.2022)
- Ermekova, J.B. (2010) Magjan Jumabaevtyng tildik tulgasy [The linguistic personality of Magzhan Zhumabayev]. Filol. gyl. kand. diss. Almaty. (in Kazakh)
- Pyasova R.S. (2018). Language Personality in the context of interaction of Language and culture // Nauchnyj al'manah [Scientific Almanac]. Prichernomor'ya. Vol.16. Iss. 39. DOI 10.23947/414-1143-2018-16-4- (in Kazakh).
- Imasheva, G.E. (2009). Mırjaqyp Dulatuly sygarmalaryndagy «Galamnyn tildik beinesi» [The linguistic picture of the world" in the work of Myrzakyp Dulatov]: fil. gyl. dokt. diss. ... avtoref. Almaty. (in Kazakh)
- Joldasbekov, M. (1986) Asyl arnalar. «Kultegin» [Noble channels "Kultegin"]. Almaty. Zhazushy. (in Kazakh)
- Joldasbekov, M. (1996) Asyl sozdıng atasy [The ancestor of the noble word]. Almaty: Bilim. (in Kazakh)
- Joldasbekov, M. (1993). Juz jyl jyrlagan jurek [The heart that sang for a hundred years] Almaty: Zhazushy.. (in Kazakh)
- Joldasbekov, M. (1976). Kenen Azirbaev. Tangdamalyar. [Kenen Azerbayev. Selected]. Almaty: Zhazushy. (in Kazakh)
- Joldasbekov, M. (2007). «Kunderimning kuasi» Kundelikter. ["Witness of my days." Diaries]. Astana. (in Kazakh).
- Karaulova, J.N. (1987). Ruski iazyk i iazykovaia lichnost [Russian language and language personality]. // Responsible editor. D.N. Şmelev. Moscow: Nauka. (in Russian).
- Mazhitayeva, Sh., Rapisheva, Zh.D., Tuite, Y.Y., Nygmetova, N.T., Zhetpisbay, Sh., Karmanova, S.B. (2019). The Theory of Linguistic Personality, Its Structural and System Characteristics// Opcion, Año 35, Especial N° 19. 3086-3101. (in Kazakh).
- Muratova, G.A. (2009). Abaidyng tildik tulgasy: diskurstyq taldau men konseptualdy juiesi [Abai's linguistic personality: discursive analysis and conceptual system]. Filologia gyl. dokt. diss. ... avtoreferaty [Abstract dissertation... on filology sciences]. Almaty. (in Kazakh)
- Niatova, Sh.S. (2007). Mahambetting tildik tulgasy. [The linguistic personality of Makhambet]. Fil. gyl. kand. diss. [Dissertation. ... on filology sciences]. Almaty. (in Kazakh)
- Nurjanova, B.N. (2018). Jazuşy tılı sozdıgın tuzudıng gylimi-teorialyq negizderi. [Scientific and theoretical foundations of the formation of the dictionary of the writer's language]. PhD darejesin alu uşın daiyndalğan dissertasia [Dissertation. ... prepared for the PhD degree]. Almaty. (in Kazakh)
- Terekova, F.E. (2004). Iazykovaia lichnost K.K. Jubanova (sosiolingvisticheskoe osveşenie) [The linguistic personality of K.K. Zhubanov (sociolinguistic illumination)]. Diss. ... kandidata filologicheskikh nauk. [Dissertation. ... on filology sciences]. Almaty. (in Russian)
- Toqulov, N., Joldasbekov, M. (1992). Toqsan tolgau. [Ninety verses]. Almaty. Oner. (in Kazakh)